

11
Мекесіңізі *Алғаш*

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2025 жыл 3 апта

Қазан бірлік және ынтымақ айы

Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу

Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу

Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.10.2025 ж	Сейсенбі 14.10.2025 ж	Сәрсенбі 15.10.2025ж	Бейсенбі 16.10.2025ж	Жұма 17.10.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Өлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (күрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Баланың өздігінен кінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі тандауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

<p>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</p>	<p>Қимылды ойын: «Жорғалаған көжектер» Шарты: Балалар төрт аяқтап қоян сияқты жорғалап жүреді, тәрбиеші «тоқта!» дегенде қимылды тоқтатады.</p>	<p>Танымдық әрекет «Үлкен бе, кіші ме?» Шарты: Балаларға үлкен доп пен кішкентай доп беріледі. Тәрбиеші көрсеткенде «үлкен», «кіші» деп қайталап, қолымен көрсетеді.</p>	<p>Коммуникативтік дағды : «Қол бұлға» Шарты: Тәрбиеші есімдерді атап, балалар бір-біріне қол бұлғап амандасады.</p>	<p>Шығармашылық әрекет: «Қағазды умаждау» Шарты: Балалар түрлі түсті қағазды мыжып, домалақтап себетке салады.</p>	<p>Еңбек әрекеті «Гүлге су құямыз» Шарты: Балалар тәрбиешінің көмегімен кішкентай су құйғышпен гүлге су құяды.</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
<p>Кестеге сәйкес ҰІӨ</p>	<p>Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Аяқ ұшына көтеріліп тұрады. Табан бұлшық еттерін шынықтырады. Негізгі қимыл: Ирек жолмен жүреді, тепе-теңдікті сақтауды үйренеді. Ырғақтық жаттығу: Музыка ырғағына сәйкес шапалақ соғады. Ұлттық ойын: «Ақ серек, көк серек». Сауықтыру шарасы: Қолды салқын сумен шайып шынығу</p>	<p>Музыка «Түрлі аспаптардың үні» Ұйымдастыру кезеңі Балалармен жылы амандасу, шағын ән орындау.. Музыка тыңдау Домбыра, сырнай, барабан, коңырау дыбыстарын жеке-жеке тыңдату. «Қай аспап екенін тап» ойыны. Ән айту Педагог таныс әуеннен қысқа бөліктерді айтып, балаларды қосылып айтуға шақырады. Музыкалық-</p>	<p>Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен дем алу, ауызбен шығару. Негізгі қимыл: Шағын топпен қатар жүреді. Ырғақтық жаттығу: «Қарлығаш» қимылы – қолды екі жаққа жайып тепе-теңдікті сақтау. Ұлттық ойын: «Қуыр-қуыр, қуырмаш». Сауықтыру шарасы: Серуен кезінде тыныс алу жаттығулары</p>		<p>Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Отырған қалыпта бақайды қимылдату. Негізгі қимыл: Жүру кезінде қарқынды өзгерту. Ырғақтық жаттығу: Музыка ырғағына қолдарын сермеп қимылдау. Ұлттық ойын: «Алтын сақа». Сауықтыру шарасы: Салқын сумен жуыну.</p>

	<p>Танымдық әрекет, сенсорика Қауіпсіз және қауіпті заттарды (пластмасса ойыншықтар, қасық, шырпының макеті) ажыратуға үйрету Заттарды пішіні мен көлеміне қарай бөлу Құрастыру шығармашылық әрекеті Құрылыс материалдарынан «қауіпсіз үй» Құрастыру шығармашылық әрекеті</p>	<p>әрекет, сенсорика Штепсель, сымдардың суреттерін қауіпті және қауіпсіз заттарға бөлу Түстерді ажырату (сары, жасыл, кара) Құрастыру шығармашылық әрекеті Пластмассадан «теледидар», «шам», «телефон» сияқты қарапайым тұрмыстық заттарды Құрастыру шығармашылық әрекеті</p>	<p>тоқта, сары – дайындал, жасыл – жүр) Әртүрлі жол белгілерін көрсету, пішіндеріне қарай топтастыру Құрастыру шығармашылық әрекеті Құмнан жол, тротуар, бағдаршам орнын жасау</p>	<p>Құрастыру шығармашылық әрекеті Балабақша ауласын Құрастыру шығармашылық әрекеті (сырғанак, әткеншек)</p>	<p>ойыншықтарды салыстыру Құрастыру шығармашылық әрекеті Қоқыс жәшігін және оны қоршаған аумақты Құрастыру шығармашылық әрекеті</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Көрсету бойынша киімдерін киноді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p>				

Серуен	Қазан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты

	<p>ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-тигненалық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p>Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Үйдегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру (өткір затқа тимеу, ыстыққа жоламау) Сурет салу Үй ішіндегі қауіпсіз орындарды бояу Жапсыру Фланелеграфта «қауіпсіз үй» суреттерін орналастыру Шығармашылық әрекеттер</p>	<p>Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Электр құралдарын дұрыс қолдану ережелерін үйрету Сурет салу «Жарық шамы» тақырыбында сурет салу (ашық түсті бояулармен) Жапсыру Қағаздан электр шамы, тоңазытқыш бейнесін орналастыру Шығармашылық әрекеттер</p>	<p>Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Жолдағы қауіпсіздік ережелерін үйрету (жаяу жүргінші жолынан өту, қол ұстасу) Сурет салу «Мен жолда» тақырыбында сурет салу Жапсыру Фланелеграфта жол белгілерін, көліктерді орналастыру Шығармашылық әрекеттер</p>	<p>Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Ойын алаңында өзін ұстау ережелерін үйрету (итерілмеу, кезек күту) Сурет салу «Алаңдағы балалар» тақырыбында сурет салу Жапсыру Қағаздан немесе фланелеграфқа әткеншек, сырғанақ, балалар бейнесін орналастыру Шығармашылық әрекеттер</p>	<p>Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Көше мен ауладағы тазалықты сақтау туралы әңгіме Қоқысты жәшікке салуды үйрету Сурет салу «Таза аулам» тақырыбында сурет салу Жапсыру Қағаздан гүл, күн, құс суреттерін фланелеграфқа орналастыру Шығармашылық әрекеттер</p>

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>«Суретті тап» Мақсаты: Зейінділік пен есте сақтау қабілетін дамыту. Шарты: Кітаптан немесе карточкадан жануарлардың суретін көрсетіп, «мысықты көрсет», «итті тап» деп сұрау.</p>	<p>«Жемісті жеп көр» Мақсаты: Дәм сезімін, сөйлеу мүшелерін дамыту. Шарты: Әртүрлі жемістерді көрсетіп, атын айтып, дәмін татып көруді ұсыну.</p>	<p>«Балапанды ізде» Мақсаты: Іздеу әрекеті арқылы зейінді, байқампаздықты дамыту. Шарты: Кішкентай ойыншықты көрпешенің астына немесе қорапқа тығып қойып, баладан табуын сұрау.</p>	<p>«Қимылды қайтала» Мақсаты: Есту және көру арқылы есте сақтауды дамыту, қимылды қайталау. Шарты: «Қол көтер», «аяғыңды бас», «кол бұлға» сияқты қарапайым қимылдарды көрсетіп, баланың қайталауын сұрау.</p>	<p>«Үлкен мен кішіні тап» Мақсаты: Заттарды көлеміне қарай ажыратуды үйрету. Шарты: Бір үлкен, бір кішкентай ойыншық беріп, қайсысы үлкен, қайсысы кіші екенін көрсетуін сұрау.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, кол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту, зерттеу әрекеті).</p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
<p>Серуен</p>	<p>«Құстар ұшты» Мақсаты: Есту қабілеті мен зейінді дамыту. Шарты: Тәрбиеші «Құстар ұшты» дегенде балалар қанат қағып ұшады, басқа сөз айтса – қозғалмай тұрады.</p>	<p>«Көліктер жүріп келеді» Мақсаты: Үйлесімділік пен қимыл дағдыларын дамыту. Шарты: Балалар көлік болып, «дүрілдетіп»</p>	<p>«Жануарларды табамыз» Мақсаты: Жануарларды тану, дене қимылын жетілдіру. Шарты: Тәрбиеші жануарларды атайды, балалар қимылымен соларды бейнелейді (мысалы, қоян –</p>	<p>«Жел мен ағаштар» Мақсаты: Қимыл-қозғалыста тепе-теңдікті сақтау. Шарты: Балалар ағаш болып тік тұрады. «Жел соқты!» дегенде, жан-жаққа шайқалады, жел тоқтағанда қозғалысын тоқтатады.</p>	<p>«Кобелектер қонды» Мақсаты: Қиялды дамыту, әсемдікке баулу. Шарты: Балалар көбелек болып қанат қағып жүреді. Музыка тоқтағанда, «гүлге қонады».</p>

		жүгіреді. «Бағдаршам кызыл!» десе, тоқтайды, «жасыл!» десе, қайта жүреді.	секіріп, қасқыр – ырылдап жүгіру).		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут				